



010000, Астана қаласы, Ілияс Омаров көшесі, 4 үй
электронды адрес: 71_shkola@mail.ru

010000, город Астана, улица Ильяс Омаров, дом 4
электронный адрес: 71_shkola@mail.ru

02.09.24 № 497

**2024-2025 оқу жылына
арналған тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Астана қаласы Білім басқармасының 02.09.2024 жылғы №8014 бұйрығы негізінде мемлекеттік білім беру ұйымдарына баратын балалардың толық тамақтануын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 2 қыркүйектен бастап 1-4 сынып оқушыларын және әлеуметтік санатқа жататын 5-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен тамақтандыруды ұйымдастыру – әлеуметтік педагог Л.Саденоваға бас есепші Н. Садыковаға міндеттелсін.

2. 2024-2025 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыру жауапкершілігі әлеуметтік педагог Л. Саденоваға жүктелсін.

3. Жекелендірілген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудін орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігін Әлеуметтік педагог Л. Саденоваға медбике Ж.Шукеноваға жүктелсін.

4. Ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан дайын және шикі

өнімнің сапасын бақылайтын, асханада санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайтын бракераждық комиссия директордың оқу ісі бойынша орынбасар А.Ашироваға міндеттелсін.

5. Оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлеу, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзірмен перспективалық мәзірлерді қамтамасыз ету, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізіп отыру медбике Ж.Шукеновамен әлеуметтік педагог Л. Саденоваға міндеттелсін.

6. Ас блогындағы жабдықтың тізімін жасау, санитарлық нормаларды қатаң сақтау, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтау жауапкершілік директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.Мырзалиевкепен медбике Ж.Шукеноваға жүктелсін.

7. Мектеп сайтында «Мектепте тамақтандыру» айдары ашылып тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т.б. орналастыруды қамтамасыз ету бағдарламалаушы А.Ашироваға міндеттелсін.

8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуын, ас блогы мен ас ішу залында санитарлық нормалардың қатаң сақталуы медбике Ж.Шукенова мен әлеуметтік педагог Л.Саденоваға міндеттелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



М.Мукашева